

Аудан әкімияты резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы

Алматы облыстық Жамбыл ауданы әкімиятының 2003 жылғы 19 мамырдағы N 20 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2003 жылды 4 маусымда N 1179 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі "Бюджет жүйесі туралы" Заңын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың Ережесін бекіту туралы" N 1408 Қаулысына сәйкес аудан әкімияты **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудан әкімияты резервінің қаражатын пайдаланудың қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары М. Әбсәметовке жүктелсін.

3. Аудан әкімінің 2002 жылғы 18 маусымдағы "Аудан әкімі резервінің қаражатын пайдаланудың Ережесін бекіту туралы" N 6-472 шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

Аудан әкімі

А у д а н	ж ы л ғ ы	1 9	ә к і м и я т ы н ы н	
2 0 0 3			м а м ы р	
N	2 0		қ а у л ы с ы м е н	
бекітілген				
Аудан	әкімияты	резервінің	қаражатын	пайдаланудың
ТӘРТІБІ				

Осы Тәртіп аудан әкімияты резервінің қаражатын бөлудің және пайдаланудың ретін белгілейді.

1. Жалпы ереже

1. Осы Тәртіpte келесі түсініктер пайдаланылады:

Аудан әкімияты /ары Қарай әкімияттың/ резерві тиісті қаржы жылына, аудандық бюджетте көзделген және бір жолғы сипаттағы көлденен шығыстарды қаржыландыру үшін аудан әкімиятының қаулысымен бөлінетін қаражат:

Көлденен шығыстар - ағымдағы қаржы жылына арналған аудандық бюджетті белгілеу кезінде күні бұрын жоспарлау мүмкін емес және ағымдағы қаржы жылына кейінге қалдырмай қаржыландыруды талап ететін шығыстар;

Әкімияттың және жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеу үшін әкімият резервінің құрамында көзделетін қаражат - әкімият резерві құрамында

көзделген және сот шешімдері бойынша әкімнің немесе жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеу үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлеріне бөлінетін қаражат.

2. Әкімияттың резерв қаражаты есебінен қаржыландырылатын бір жолғы сипаттағы көлденең шығыстарға мынадай шараптар жатады:

1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, бұлар:

- төтенше жағдайлардың пайда болуы нәтижесінде зардал шеккендерге
материалдық көмек көрсету;

- зардал шеккендер үшін уақытша тұруға және тамақтануға орындар дайындау және
Ұстазау;

- төтенше жағдайлардың нәтижесінде бұзылған объектілерді қалпына келтіру;
- шұғыл қимыл жасайтын авариялық-құтқару және авариялық қалпына келтіру
бөлімшелерін құтқарудың техникалық құралдарымен, жабдықтармен және
жарақтармен қосынша жарақтандыру;

- төтенше жағдайлар аймағына күштер мен құралдарды тасымалдауды қамтамасыз
е туу.

Сот шешімдері бойынша әкімнің жергілікті мемлекеттік органдардың
міндеттемелерін өтеді;

Әкімият резервінің қаражаты өзге шығыстарды қаржыландыруға бағытталмауы
керек.

2. Аудан әкімияты резервінің қаражатын бөлудің және пайдаланудың тәртібі

1. Әкімияттың резервінен қаражат бөлуді әкімияттың шешімі негізінде, заңдармен
белгіленген тәртіп бойынша тиісті қаржы жылына арналған аудандық бюджетті
несиелендірумен шығыстары құрамында осы мақсаттарға бекітілген мөлшерлер
шегінде аудандық қаржы бөлімі жүзеге асырады, онда алушы, бөлінетін қаражаттың
көлемі мен оларды пайдаланудың мақсаттары, сондай-ақ қаражат қайтарымды негізде
бөлінген жағдайда, оларды берудің шарттары мен қайтарудың мерзімдері көрсетіледі.

2. Әкімияттың резерв қаражатының қатаң арнаулы мақсаты болады және осы
Тәртіпте және резервтен қаражат бөлу туралы аудан әкімиятының қаулысында
көзделмеген мұқтаждарға пайдалануға болмайды.

3. Әкімият резервінен қаражат бөлу туралы әкімият қаулыларын дайындаған кезде
мынадай шарттар ескертіледі:

1) Аудандық бюджетте ағымдағы қаржы жылына арналған қаржының болмауы;

2) Сот шешімдері бойынша әкімнің және жергілікті мемлекеттік органдардың
міндеттемелерін өтеу жағдайларын қоспағанда, әкімияттың резерві қаражатына
қажеттілік ағымдағы қаржы жылында пайда болуы және олардың қажеттілігі
алушының, бұрынғы міндеттемелерімен байланысты болмауы.

4. Әкімият резервінен қаражат бөлу туралы әкімият қаулысы негізінде жыл
аяқталғанға дейін күшін жояды.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға қаражат бөлу

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, әкімияттың резервінен қаражат бөлу туралы өтініштерді аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия қаралып, түрлі міндеттердің төтенше жағдайлардың аудандық ауқымы болуы керек.

2. Негізdemелік материалды берудің тәртібі мен олардың тізбесін аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия айқындауды.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою қажеттілігі туындағанда төтенше жағдайлар жөніндегі аудандық комиссия белгіленген тәртіппен әкімиятқа төтенше жағдайды жоюға қаржы бөлу туралы қаулы жобасын енгізеді.

4. Аудандық және объектілік көлемдегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, аудандық жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен және меншіктік нысанына қарамастан, мекемелер қаражатынан қаржыландырылуы керек.

4. Сот шешімдері бойынша аудан әкімінің және жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін өтеуге
Каржы бөлу

1. Сот шешімдері бойынша аудан әкімінің және жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеу, сottың атқарушы құжаттары болған жағдайда әкімияттың резерв қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

2. Аудан әкімінің міндеттемелерін өтеуге әкімият резервінен қаражат бөлу туралы әкім қаулысының жобасын аудандық қаржы бөлімі заңдармен белгіленген тәртіп бойынша дайындауды.

3. Жергілікті мемлекеттік органдардың міндеттемелерін өтеуге аудан әкімияты резервінен қаражат бөлу туралы әкімият қаулысының шешімінің жобасын жергілікті атқарушы органдардың өзі заңдармен белгіленген тәртіппен дайындауды.

5. Бақылау және есептілік

1. Аудан әкімияты резервінен бөлінген қаражатты алушылар аудандық қаржы бақылау бөлімі белгілеген тәртіппен және мерзімде олардың пайдалануы, орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп беруі керек.

2. Аудандық қаржы бөлімі ай сайын аудан әкімиятына әкімияттың резерві қаражатының пайдаланылуы және оның тиісті кезеңдегі қалдықтары туралы ақпарат береді.

3. Аудан әкімиятының резервінен бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылғаны үшін алушы Қазақстан Республикасы заңдарында көзделген тәртіппен жауап береді.

4. Аудан әкімиятының резервінен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануына бақылау жасауды тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Аудан

әкімі

аппаратының басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК